

**«Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ  
мен Өскемен қаласы әкімдігінің «Отбасын және балалықты қолдау орталығы»  
КМҚК арасындағы өзара серіктестік туралы  
МЕМОРАНДУМ**

« 03 » 09 2018 жыл

Өскемен қ.

Жарғы негізінде әрекет ететін Өскемен қаласы әкімдігінің «Отбасын және балалықты қолдау орталығы» КМҚК Л.П. Куземко директор тұлғасында, және ШҚО білім беру басқармасының ШҚО білім беру басқармасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ ары қарай Тараптар деп аталатын, «Бала құқығы туралы» Конвенция ережелерін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Неке және отбасы туралы» Заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Президенттің басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік саясатты жақсарту, балалардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын қорғау саласындағы әлеуметтік және құқықтық кепілдікті қамтамасыз ету, қиын өмірлік жағдайдағы, ерекше қорғаныс шарасындағы Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың жағдайын жақсарту, отбасы институтын нығайту мақсатында серіктестік туралы осы меморандумды жасасты.

Келесі жағдайларды қарастыра отырып, аталмыш келісімге қол қойды:

- әлеуметтік және психологиялық мәселелерді шешуде интернат тәрбиеленушілеріне топтық және жеке кеңес беру психологиялық көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

- балалардың құқықтарын қорғау, қоғамның әлеуметтік проблемаларын алдын-алу, отбасын нығайту саласындағы проблемалық мәселелерді шешуде педагогикалық ұжым мен әкімшілікке ықпалдасу;

- басқа ұйымдармен өзара әрекет ету арқылы әлеуметтік-психологиялық қызметтерді көрсету аясын кеңейту.

«Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ серіктестік ету мерзімі: 2018-2019 оқу жылы көлемінде.

Топтық және жеке сабақтар кесте бойынша өткізіледі: айына бір рет, сейсенбі күні әр айдың төртінші аптасында 17.00-ден 18.00-ге дейін. Уақытты тараптардың келісімі бойынша өзгертуге болады.

Өткізу орны: Өскемен қаласы, Севастопольская көшесі 6/2 (кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша)

**«Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ осы Меморандум аясында:**

- келісілген кестеге сәйкес әлеуметтік-психологиялық жұмыс жүргізуге қатысушылармен (10-11 сынып оқушылары, колледж студенттері) қамтамасыз етеді;

- тақырыптар бойынша өтінімдерді (қажет болған жағдайда) қалыптастырады және оларды қарастыру үшін Орталық басшылығына жібереді;

- бірлескен қызмет кестесін (өзгертілген жағдайда) келіседі, жұмыстарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- ОжБҚО ұйымдастырған мәдени шаралар мен қалалық іс-шараларға қатысады, қазылар алқасына, қалалық конкурс сарапшыларына, форумдарға, фестивальдарға (мүмкіндігіне қарай) қатысады;

- бір-бірінің іс-әрекеттеріне және іс-шаралардың мазмұнына немесе Тараптардың имиджіне әсер ететін іс-әрекеттер туралы келісім жүргізеді және ол туралы ақпараттандыралы

- Орталықтың қызметі мен оның қызмет көрсетуі туралы хабарлайды;
- Топтық сабақтар мен жеке кеңестерді өткізу кестесінің келіседі және бекітеді;
- Қатысушыларға сабақтың тақырыбын бекітеді, оқушылар және мектеп-интернаты әкімшілігінің өтінімдеріне сәйкес олардың мазмұнын әзірлейді;
- топтық және жеке жұмыс барысында бірлескен қызмет қатысушыларымен өзара тиімді әрекеттесуді қамтамасыз етеді;
- Балалардың құқықтарын қорғау туралы ақпарат пен ақпарат алмасады, бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастырады;
- ақпараттық жұмыстарды жүргізу үшін ақпараттық материалдарды, визиткаларды, бүктемелерді ұсынады;
- отбасының білім беру әлеуетін көтеруге, балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған Орталық қызметіне, іс-шараларға қатысуға шақырады
- бір-бірінің іс-әрекеттеріне және іс-шаралардың мазмұнына немесе Тараптардың имиджіне әсер ететін іс-әрекеттер туралы келісім жүргізеді және ол туралы ақпараттандырады.

Аталған Меморандум ізгі ниет актісі болып табылады.

1. Аталған Меморандумға қол қойған тараптардың уәкілетті тұлғалары осы Меморандумның ережелерін орындау үшін барлық өкілеттіктерге ие болуға кепілдік береді.

2. Осы Меморандум бірдей заңды күші бар, екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды, 3 күн ішінде күшіне енеді және егер тараптардың бірде-бірі оны бұзу туралы өтініш білдірмесе, мерзімі ұзартылуы мүмкін.

3. Осы Меморандумға барлық өзгертулер мен толықтырулар қосымша келісімдермен рәсімделеді және Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен қол қойылады.

4. Келісімнің негізгі ережелерін жүзеге асыру мақсатында Тараптар жыл сайын жылына екі рет бірлескен қызметті үйлестіру мәселесі бойынша бірлескен кеңестер өткізеді.

Тараптардың қолы:

**ШҚО Білім беру басқармасының  
«Мүмкіндіктері шектеулі балаларға  
арналған «Ақ ниет» мектеп-  
интернаты» КММ директоры**



**С.К. Кривицкая**

**Өскемен қаласы әкімдігінің  
«Отбасын және балалықты  
қолдау орталығы» КМҚК  
директоры**



**Л.П.Куземко**